

ҒТАХР 14.25.09

МЕДИА-РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Н. Азимбаева, А.М. Жалалова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
akshaim01@mail.ru; aigul.azimbaeva@bk.ru

Мақалада қазіргі кездегі оқытушылардың оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық құралдардың деген әсерін үйлестіріп, білім алушыларға бағытталған медиа – ресурстарды дағдыландыру қажеттілігі туралы жазылған. Оқушыларда сабақ барысында медиа – ресурстарды қолдану арқылы *сөйлеу, есту, оқу* дағдыларын және *сыни тұрғыдан ойлау* - ды қалыптастыру. Компьютер және интерактивті тақта көмегімен миға шабуыл, сергіту сәттерін, ойлайн және офлайн ойын түрлерін, видео және аудио, сұрақ-жауап түрлерін, музыка, қысқа метражды фильмдер мен теледидар роликтерін, блог жазбаларын, әндер мен музыкалық бейнелерді және т.б ақпараттарды қолдану арқылы сабақта оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Сабақ барысында медиа – ресурстарды қолданып оқушылардың әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптерін толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, оқу процесін қызықты ету. Оқу үрдісінде медиа – ресурстарды қолдану кезінде оқушыларға келтірген пайдасы немесе кері әсерлері туралы жазылған.

Түйін сөздер: медиа-ресурс, интернет, коммуникативтік құзыреттілік, инновациялық технологиялар, оқу үрдісі.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісі барысында медиа ресурстарды қолдану арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру туралы қарастырылған. Коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру барысында тіл үйренушілердің қызығушылығын дамытып, оларға әрқашан бағыт бағдар беріп, сабақ барысында инновациялық технологияларды оның ішіндегі медиа ресурстарды күнделікті пайдалану қажет. Осы медиа-ресурстарды сабақ барысында қолдану туралы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп берілген [1; 6]. Оқыту мен оқуды жақсарту және де оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, оларды оқу барысында құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін медиа-ресурстарды оқу үдерісінде пайдалану өте тиімді. Бүгінгі күндегі мектеп қабырғасындағы медиа-ресурстарға: видео диск, аудио диск, интернет, компьютер, интерактивті тақта, проектор және дауысты шығаратын колонканы жатқызуымызға болады. Ал олардың тіл үйренушілік құзыреттілігін қалыптастыру үшін сабақ барысында түрлі онлайн және офлайн ойын түрлерін, музыка, видео, пазл және неше түрлі көрнекіліктерді қарастыруымызға болады. Бұл көрнекіліктерді сабақ барысында қолдансақ, сабағымыз тиімді, әрі сабаққа қатысып отырған оқушыларға сабақты тез қабылдауына түрткі болады. Мақаланың зерттеу нысанына - № 47 жалпы білім беретін мектеп ордасындағы бастауыш сынып оқушыларын алдық. Сол мекемеде білім алатын 2 «а», 2 «ә» және 3 «а» - сыныптар арасында 2.09.19-25.12.19 жж. аралығында зерттеу жүргіздік.

Жалпы жас буындарды өздеріңіз білетіндей, ең алдымен, тілге қызықтыруымыз қажет. Себебі, қазіргі таңда елмізге үш тілділік енген соң, сабақ бағдарламаларында да ана тілімізден басқа орыс және ағылшын тілдерін үйрету міндеттелген. Біздің болашағымыз осы жас ұрпаққа байланысты болғандықтан, оның бәсекеге қабілетті, жаңашыл болып өсуіне тікелей біздер жауаптымыз. Келешекте еліміздің дамуына үлесін қосып, ҚР дамыған 30 елдің қатарына енгізіп, олармен келешегі дипломаттық қарым – қатынас орнату біздің жас ұрпақтарымызға байланысты. Осы орайда ҚР дамыған 30 елдің қатарына қосылу жайлы ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 жарлығында: ««Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында республикамыздың 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөнінде жаңа стратегиялық мақсат қойылды», - деп айтып өткен болатын [2; 1]. Осы жаһанданған заманда артта қалмас

үшін ең алдымен тіл білуіміз қажет. Енді ғана мектеп табалдырығын аттап, қателікпен сөйлеп, дамып келе жатқан жас бүлдіршінерімізге орыс және ағылшын тілін меңгерулерін мәжбүрлейміз. Тіл үйренушілерге қандай да бір пәнді үйрететін болсақ, біз - *сөйлеу, есту, оқу және жазу* дағдыларын қолданамыз. Жалпы бастауыш сынып оқушыларын ең алдымен есту және сөйлеу дағдысын қалыптастыруымыз қажет, бұл дегеніміз жазу және оқу дағдыларын қолданбаймыз деген сөз емес. Әйтсе де, сабақ барысында басты мақсат олардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып, оны тұшынуына көмектесу. Медиа - мектеп оқушылары мен студенттердің тарих пен құрылым және теорияны зерттеу процесіндегі әлеуметтік тәжірибесін қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылады [3; 23].

Бұл тұста біз қазіргі таңда осы медиа-ресурстарды білім алушыларға сабақ беру барысында қолданып сабақ өтетін өтетін болсақ, сабағымыз тигізер пайдасы орасан зор. Жоғарыда айтып өткендей 02.09.19 - 25.12.19 жж. аралығында зерттеуге тоқтала кетсек [1– сурет]. Біздер бұл зерттеуді бастауыш сыныптарында жүргізгендегі мақсатымыз неде? Одан қандай жақсы немесе жаман жақтарын көре аламыз? Зерттеу соңында қандай жетістікке немесе жеңіліске тап болғандығымыз жайлы алдағы уақытта жазып өтетін боламыз. Бастапқыда 2 «а» және 3 «а» сыныптары аралығында зерттеу жүргіздік. Зерттеу статистикасына сүйенер болсақ, бастапқы екі айға жалғасқан зерттеуде – интернет, интерактивті тақта, компьютер видео және аудио дискілерін қолдану сабақ барысында екі сыныпта қолдану тәсілі екі түрлі болды. Себебі, оқу жылының басында 3 «а» сыныбында техникалық ақау болып, интерактивті тақта жұмыс жасамай қалған еді. Сол себепті де осы зерттеу жұмысын жүргіздік.

Жалпы жаңартылған бағдарлама бойынша сыныптарда медиа ресурстарды қолдану міндеттелген. Бірақ біздегі жағдайға байланысты 3 «а» сыныбының бастапқы екі айында ойлайн ойындар, интерактивті тақта қолданылған жоқ. Тиісінше олармен кітап, көрнекілікпен бірге аудиодискілерді сабақ барысында қолдандық. Бұл арада 2 «а» сыныбындағы сабақ барысында барлық медиа-ресурстар қолданылды. Оларда интерактивті тақта мен компьютердің арқасында барлық жаңа ақпараттар, жаңалықтар, видеолар, аудиолар, онлайн және де офлайн режимдегі ойын түрлері т.б. жүргізілді. Бастапқы екі айдағы нәтижеге сүйенер болсақ, 3 «а» сыныбына қарағанда 2 «а» сыныбындағы оқушылардың есте сақтау қабілеттері сабаққа қатысқан кездегі белсенділігі әлдеқайда жоғары көрсеткішті көрсетті. Бұл туралы сабақ соңынан алатын кері байланысқа, оның ішіндегі сабақ соңында қойылатын сұрақтар тестер, сәйкестендіру, жалғастыру сияқты және т.б. түрлі тапсырмалар нәтижесінен байқауымызға болады. Ал екі айдан соң бірінші тоқсандық бітіп, демалыста демалып, келесі тоқсандыққа миларын тынықтырып келген бастауыш сынып оқушыларын ерекшеліктер күтіп тұрды. 3 «а» сыныбында екінші тоқсан басталғанда интерактивті тақта жөнделіп, олармен сабақ барысында барлық медиа ресурстар қолданылды. Бастапқыда 3 «а» сыныбында өте қатты әсер қалдырылғандықтан, олар сабақтан тыс уақытта да интернет желілерінен берілген тапсырмаларды ізденіп алдын ала дайындықпен келетін болды. Бір ай өткен соң, 2 «а» сыныбымен бірдей дерлік көрсеткіш көрсетті.

1 - сурет. 2.09.19-25.12.19 жж. аралығында жүргізілген зерттеу нәтижелері 5% шкала бойынша.

	3 «а» - сыныбы	2 «а» - сыныбы
2.09 - 30.09	2.3%	2.9%
1.10 – 31.10	2.4%	3.2%
11.11 – 29.11	2.7%	3.6%
5.12- 25.12	3.8%	3.9%

Дереккөзі: автордың құрастыруымен

Медианы сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да қолдана алады. Сабақ барысында қысқа метражды фильмдер мен теледидар роликтерін, жазбаша мақалалар мен блог жазбаларын, әндер мен музыкалық бейнелерді, әсіресе сөздері бар болса, сабақ барысында пайдаланған тіптен жақсы. Медиа ресурстарды қолдану шетел тілін үйреніп жатқан білім алушылардың білімін шыңдауға, әрі олардың құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізетін ақпарат құралдарының бірі екенін келесі зерттеу нысандарына қарап, тағы да көз жеткізуімізге болады. Медиа ресурстарды, соның ішіндегі интернетті сабақ барысында қолдану өте тиімді, әрі тез. Сабақ барысында сабақтың тақырыбына, мазмұнына

байланысты оқушылармен неше түрлі онлайн және офлайн ойындарын ойнауымызға болады. Жалпы сабақ барысында - «learning.apps», «Kahoot» «Activinspire» «Dojo class» және де т.б. ойын түрлерін қолданамыз [№ 2 – сурет]. Осы ойын түрлерін онлайн түрде бүкіл сыныптағы оқушылар жеке-жеке қатысуы үшін, мұғалім әр оқушыға логин ашып, логинмен бірге паролінде береді. Бұл ойынды ойнар кезде барлық электронды құрылғыларды қолдануға болады.

Қазіргі таңда сыныптарда компьютерден бөлек смартфондарды және планшетті қолдана алады. Мұндай жағдайда оқушылардағы планшет немесе телефон түрлері тек қана сабақ барысына ғана арналған құрылғы болуы тиіс. Бұл ойын түрлерін тек қана сабақ барысында ғана қолданып қоймай, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқушыларға қосымша тапсырма ретінде осы ойын түрлерінен үй жұмысына тапсырма беруге болады.

№ 2 – сурет. «Learning.apps», «Kahoot» және «Activinspire» ойындары.



Дереккөзі: <https://learningapps.org/>; <https://kahoot.it/>; <https://www.prometheanworld.com/>

Медиа - жаңа сандық және медианың электронды формаларының (онлайн жаңалықтар, блогтар, Уикипедия, YouTube, әлеуметтік желілер, видео ойындар және т.б.) даму үдерісі және бұл жаңа пішіндер пікір білдіру еркіндігінің, тиімді басқару және демократиялық үдерістерге қатысуды дамытуға ықпал ете отырып, ақпарат пен білімге кең жол ашу [4; 121]. Жалпы білім беретін мектепте медиа ресурстарды: ақпаратты арнайы нысанда алу және өңдеу құралы ретінде, оқу процесінде көмекші ретінде, қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануымыз қажет. 3 «а» және 2 «а» сыныптарын бір-бірімен салыстыру арқылы сабақ жүргізсек, 2 «ә» сыныбында жеке сол сыныптың өзін алып зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Сабақ барысында сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға тырыстық. Әр сабақты әртүрлі қылып өткізуге тырыстық. Сабақтың алғашқы күнінен интерактивті тақта көмегімен миға шабуыл, сергіту сәттерін, ойлайн және офлайн ойын түрлерін, видео және аудио, сұрақ-жауап түрлерін, музыка және т.б. қолдандық. Сабақтың алғашқы күнінен «all about me» бөліміне байланысты интернетті қолданып, «YouTube» желісінен күнделікті қолданатын сөздерді және әрекеттерді көрсетіп бірге қайталадық, келесі сабақтарында бөлім біткенше, пішіндерге және түстерге байланысты видеолар көрсеттік. Мұндағы көрсеткеніміздегі тиімділігі оқушылар осы пішіндер мен түстерге және отыр, тұр, кітапты аш, кітапты жап сынды сөздерді шетелдіктер қалай айтады және олар осы сөздерді ағылшын тілінде айтқан кездергі қалай айтылатындағы, яғни, қалай дауысталатындығы жайлы олардың сол ағылшындықтардың өз ауыздарына есітіп, өздерінің айтқандағы қателіктерін жөндеуге тырысты. Осы бірінші бөлімді өтіп жатқан кезде олармен «fl» және «bl» әріптердің қалай дауысталатыны жайлы да білді. Келесі сабақ сайын үй жұмысын сұрар кезде неше түрлі тәсілдермен сұрауға тырыстық. Бірінші күні сұрақ-жауап түрінде болса, келесі күндері «crocodile», «hot chair», «potato» және жоғарыда айтып өткен «Dojo class» ойыны - үй тапсырмасын сұрағанға таптырмайтын ойындардың бірі. Тек қана бұл ойындармен ғана шектелмей, сабақ және үй жұмысын сұрауда түрлі көрнекіліктерді қолдансақ өте қызық өтеді. Жаңа сөздерді сұрау үшін ауызша және бір ойындарды құрастырсақ болады. Мысалы: ағылшын тіліндегі әріптерді алып келіп, оқушыларды топқа бөліп оларға әріптерді оларға ұстатып қазақ сынып болғандықтан қазақша сөз айтып, оның ағылшыншаға аудартып, сол сөздің ағылшын тілінде қалай жазылу керектігі жайлы әріптермен сөз құру керектіктері жайлы тапсырма беруіміз қажет. Сонда олар жиынтық бақылауға да, кері байланыс алғанда да ешқандай кедергісіз дұрыс жауап жазуларына көмегімізді

тигіземіз. Сұрағымыз келген сөздердің суреттерін көрсету арқылы да олардан ағылшынша атауын сұрауымызға болады. Жалпы айта беретін болсақ тәсілдер көп, бірақ біз ол тәсілдердің сол сынып оқушыларына тиімділігін анықтап алуымыз қажет. Және ол тәсілдер біздің бастауыш сынып оқушыларына сәйкес келе ме, оны да білгеніміз абзал?!

Жалпы бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасаған кезде өте ыждағаттылықпен жұмыс атқаруымыз қажет. Бастауыш сынып оқушыларына көрсететін дүниелерімізде негізінен көп сөзге қарағанда суреттер болуы тиіс. Сабақ барысында «listening»-ді де қолдансақ, олардың ағылшын тілін ұғынуына көмегімізді тигіземіз. Егер жастайынан оқушыларда кішкене болсын практика болмаса, олардың өскенде шетел тілін меңгеруі қиынға түспек. *«Неге мектепте өтілетін сабаққа қызықпайтын оқушылар болады?»*- деген сұрақ көкейімізге қонып, ол туралы оқушылар арасында сұрақ – жауап, яғни, сауалнама жүргіздік. Сауалнаманы мектептегі 2-10 аралығындағы оқушылардан мектептен тыс уақыттарында алдық. Сауалнама 2 күнге жалғасты. Сауалнаманың нәтижесіне қарайтын болсақ, қойған сұрағымызға келесідей жауаптар берілді [3 - сурет]. Бұл дегеніміз әлде де күнделікті болмаса да, сабақта медиа-ресурстарды әлі күнге дейін толығымен қолданбайтынын немесе қолданса да сабақ жеңіл түрде кітаптың тілінсіз түсіндірілмейтіндігінде. Бар жоғы 40 мин созылатын сабақта оқушылардың көптігі немесе басқа да факторларға байланысты сабақ уақытында мемлекет енгізген программаларға ұстаздар үлгермей жататын кездер болады. Кейбір оқушылардың берген жабауында уақыттың тығыздығына байланысты ұстаздар сабақ барысында әрбір оқушыға көңіл бөле алмағандықтан, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы төмендейді екен. Және оқушы тапсырмаларды орындаған уақытта оларға тек сабақ соңында емес, сабақ барысында да мақтау сөздерін және қанаттандыратын мотивациялар айтып отыруымыз керек екен. Сыныптағы оқушылардың деңгейлері бірдей еместігін біздер білеміз. Егер оқушыда қиындықтар болып жатса, оған ешқандай дауыс көтерусіз, сынптастарының алдында жылы қабақпен түсіндіруіміз керек. Неге? Себебі, біз алған сауалнамада да берілген сұраққа мынандай жауап болды: сабақ барысында түсінбей, қатарластарынан қалып қойған оқушыларға түсіндірген кезде, түсіндіріп жатып дауыс көтеріп немесе «пәленшеден қай жерің кем?» - деп, яғни оларды басқа сыныптастарымен салыстыру, оны сыныптастарының алдында ұрысып, оны төмендететін болсақ, оқушыларда ұстаздарын оны кемсіткендігі үшін ұнатпай, сабағына деген қызығушылығы да сөнеді екен.

3 – сурет. Оқушылар арасында жүргізілген сауалнамадағы берілген жауаптардың басым бөлігі.



Дереккөзі: автордың құрастыруымен

Егер оқушы сабақта белсенділігі төмен немесе сабақта мүлдем қатыспай отырса, онда оқушыны емес бірінші орында өзімізді кінәлауымыз керек. Мүмкін ұстаздар оқушылардың қызығушылықтарын арттыра алмай жатқан шығар. Сауалнамада берілген жауаптарды негізінен жоғары буын оқушылары айтқанымен, олардың жас буындарға қатысы жоқ деген сөз емес. Неге? - себебі, орта және жоғары буын оқушыларында сабаққа деген қызығушылық мүмкін бастауыш сыныптан қалыптасқан шығар. Осы берілген жауаптардан қорытынды шығарып, қателіктерді жібермеуге тырысуымыз керек. Бүгінгі оқушылар үш жасынан бастап «балалар бағдарламаларының бейнелерін немесе DVD дискілерін» көру

үшін тиісті құрылғыларды істетуді біледі. Егер олар бір сұраққа қызығып, ол туралы ақпарат білгісі келсе, ғаламтор желісінен іздейді [5; 5]. Біздің еліміздегі білім беру бағдарламаларындағы дағдарыстардың бірі, білім беру жүйесіндегі медиа ресурстарын бағаламағандығымызда және жеткілікті деңгейде қолданбағандығымызда. Себебі, қазірдің өзінде Қазақстанның ауылды аймақтарында медиа-ресурстарының жеткіліксіздігі, интернет желілерінің ұстамауы немесе оқытушылардың медиа-ресурстарын қолданып, сабақ беруіндегі сауатсыздықтарынан, біздің біліміздің барлық деңгейінде жоғарылауына кері әсерін тигізеді. Егер білім алушыларды сабаққа, білімге қызықтыра алмасақ, олардың сабақ оқуға, білім алуға деген ынтасын жоғалтып аламыз. Мұның нәтижесінде бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелей алмаймыз.

Енді қайтадан 2 «ә» сыныбындағы жүргізген сабақ барысына тоқтала кетер болсақ. Бізде де сабаққа деген қызығушылығы жоқ, мүлдем сабақ оқығысы келмейтін оқушыларымыз болды. Олармен бастапқыда басқа сыныптастарына қарағанда жеңіл тапсырмалар беру арқылы жұмыс атқардық. Мысалы олармен екінші және үшінші тараулары «*My family and friends*» және «*my school*» тақырыптары болды. Ол тараулардағы сөздер ол сыныпқа таныс, себебі оны оқушылар бірінші сыныптада өткен болатын. Бұл сыныпта қайтадан берілгендігі - ол тақырыптарды күрделендіріп өтуіміз қажет. Біз деңгейлеріне қарап екі топқа бөліп, бірінші топпен оңай түрде өткізсек, келесі топқа күрделірек тапсырмалар орындауын айттық. Бірінші топтағы оқушылармен тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді жаттатқыздық, сосын топтағы оқушыларға отбасыларының суреттерін салғызып, сосын «мынау менің әкем» немесе «мынау менің анам» секілді өздерінің отбасыларын ағылшынша таныстыруға көмектесіп отырдық. Ал келесі топ оқушыларымен басында монолог құрғызып, сосын жұптық жұмыс жасатқызып диалог құрғыздық. Әрине, екінші сынып оқушылары үшін басында өте қиын болды. Олармен жұмыс істей келе, оған да үйреттік. Бастапқыда басым бөлігін өзіміз айтып отырдық және үйде ата-аналарының да өз балаларын қадағалауын айтып отырдық. Үй жұмысына тақпақтарда берген болатынбыз, оларды жаттап келген оқушылардан сұрағанда, олардан алған жауабымыз анам, әкем, әжем, ағам және әпкем көмектесті деп отбасындағы адамдарды атап шығатын. Біз смайлик арқылы бағалау тәсілін қолданып, үй жұмысын айтқандарға бір смайлик, сабақ барысында белсенді қатысқандарға тағы бір смайлик, ал үйде берілген қосымша тапсырмаларға дайындалып келіп айтқандарға тағы бір смайлик бердік. Мысалы, күнделікке қойып жатқан кезде, беріліп жатқан смайликті не үшін алғанын айтып және үйге берілген тапсырмаларға көмектескен отбасы мүшелеріне смайликтерді беріп, мысалы, мына смайликті анаңа деген сияқты айтар болсақ, оқушылар қуанып, үйлеріне көрсеткенше асық болады да, келесі тапсырмаларды белсенді түрде орындап жүреді. Ал алмаған оқушылар қатарластарына қарап олардың да смайлик алуға деген құштарлығы артып, сабақта белсенді болады. Мұның нәтижесінде оқушыларда қызығушылығын арттырып, әрі білімін де нығайтамыз және олардың құзыреттілігін қалыптастырамыз. Оқушылар әр сабақта бар жоғы 3-5 мин аралығында болатын сәргіту сәтін ұйымдастыруымызды асыға күтетін. Сосын үй жұмыстары сұралып, артынша интерактивті тақтаның көмегімен ребус, сөз жұмбақ, видео секілді көрнекіліктерімізді көрсетіп, сабақтың да тақырыбын ашып алатын едік. Немесе сұрақ қойып, дұрыс жауаптың алғашқы әріптерін алып, сабағымыздың тақырыбын шығаратынбыз. Әр сабақта әртүрлі әдісті қолдансақ, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын жоғалтып алмаймыз, оның нәтижесінде өз сабағымызға баулып, олардың құзыреттіліктерін қалыптастырамыз.

Жоғарыда айтып өткендей оқушылар сабақ барысында ақпаратты әртүрлі жолмен есте сақтайды. Бір оқушыларда есте сақтау қабілеті есту арқылы болса, ал кейбіреуінде көру арқылы, тіпті кейбір оқушыларда оқу арқылы ақпараттарды есте сақтайды екен. Түрлі ғалымдар осы орайда көптеген эксперименттер жүргізеді. 2009 жылы атақты ғалымдардың бірі Уиллингем жасаған зерттеуінде ол қарапайым сұрақ қояды: «Неліктен студенттер теледидардағы барлық нәрсені есте сақтайды және біз оқығанды ұмытып кетеді?» [6; 23]. Өйткені көптеген оқушыларда көзбен көріп сақтау қабілеті жақсы дамығандықтан медиа ресурстарды қолдану кезінде олардың сол қабілеті қарқынды жұмыс атқарып, берілген ақпарат есте сақтау қабілетіне әсер етеді. Біздің сыныбымызға кіретін әрбір білім алушы туылғаннан мультимедиялық әлемнің бір бөлшегі екенін білеміз. Себебі, отандық және шетелдік зерттеулерге сәйкес баланың теледидарлық бағдарламаларды қарауға немесе компьютерде жұмыс істеуге жұмсайтын уақыты, оның мектепте өткізетін уақытынан әлдеқайда ұзағырақ [7; 134]. Осы сілтемелерге

қарайтын болсақ, қазіргі заман техниканың заманы және біздерді жан-жақты қоршағандықтан, одан шектеліп артта қалып қоймауымыз керек. Бұл дегеніміз медиа-ресурстарды сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да қолдануымыз керек.

Қорытындылай келе, зерттеуге қатыстырған үш сыныбымызда, яғни, 2 «ә», 3 «а» және 2 «а» сыныптары арасында өткізген сабақтарының нәтижесінде оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруларына үлкен үлес қоса алдық. Мысалы, зерттеу жүргізген 3 «а» сыныбында оқитын Давид, Зилола, Матвей және Мансур есімді оқушылардың медиа-ресурстарды қолдану арқылы сабақ өткеннен кейін 2 аптада көрсеткен көрсеткіштеріне қарайтын болсақ, сабаққа деген қызығушылықтары артып, сабақта бұрынғыға қарағанда блсенділіктерін байқадық. Үй жұмыстарын орындап келіп, сыныптағы өзге оқушылармен жарысатынды шығарды. Ал 2 «а» сыныбындағы Руслан, Милана және Эльвина есімді оқушыларымыз да оң көрсеткіш көрсетті. Ол кісілермен жұмыс жасағанда оңайға соққан жоқ, әйтсе де, «шешінген судан тайынбас» дегендей, алдыға қойған мақсатымызға кішкене қадам басып, кішігірім жетістікке жеттік. 2 «ә» сыныбы басқа екі сыныпқа қарағанда білім жағынан әлсіз еді, сол себепті де ол сыныпты басқа сыныппен жарыстырмай, тек сол сыныптың ішіндегі оқушылармен ғана жұмыс жасап, бір-бірімен жарыстырдық. Ол сыныпта Әділет, Алматы, Руслан, Дамир және Әбдіғани деген оқушылардың деңгейі төменірек болатын. Оқытушылардың қажырлы еңбектерінің және осы инновациялық технологиялардың арқасында оқушыларда сабаққа деген қызығушылықтарын оята алдық. Әйтсе де, медиа-ресурстарды қолдану арқылы Алматы және Әділетпен қосымша жұмыс істелуі қажет. Біздердің жетістігіміз, білікті және білімділігіміз осы оқушылардан көрінеді. Оқушылардың білімін көру үшін олардың құзыреттілігін қалыптастыруымыз қажет. Ал құзыреттілікті қалыптастыру үшін, оқушыларда сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып, сабаққа деген белсенділіктерін көрсетуіміз қажет. Түйіндеп айтқымыз келгені, оқу үрдісінде оқушылардың қазіргі заманға сай құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін оқытушылардың заман талабына сай біліктілігі мен білімін қалыптастырып, инновациялық технологияларды, оның ішінде медиа-ресурстарды сабақ барысында ұтымды қолданылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2010)
2. Назарбаев Н. Ә. (2014) «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана.
3. Медиа- и информационная грамотность в информационном обществе (2015) Сб. мат. Всеросс. научно-практ. конференции. Москва.
4. Медиа және ақпараттық сауаттылық (2018) Алматы: «Қазақ университеті».
5. The Importance of Media in the Classroom. https://us.corwin.com/sites/default/files/upm-assets/6635_book_item_6635.pdf
6. Willingham D. T. (2009). Why Don't Students Like School? San Francisco: Jossey-Bass.
7. Якушина Е. В. (2000) Интернет в аспекте медиаобразования // Проблемы перехода к 12-летней системе обучения. М.: ИОСО РАО, 2000. С. 134-139.

Формирование коммуникативной компетентности учащихся посредством медиа ресурсов

А.Н. Азимбаева, А.М. Жалалова

Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан,
akshaim01@mail.ru; aigul.azimbaeva@bk.ru

В статье описывается необходимость настройки медиаресурсов, ориентированных на учащихся, с учетом влияния существующих учителей на информационные и коммуникационные медиа в процессе обучения. В процессе обучения происходит формирование у учащихся навыков говорения, аудирования, чтения и критического мышления за счет использования медийных ресурсов в классе. В целях развития коммуникативной компетентности студентов

предлагается использовать: компьютер, интерактивную доску для мозгового штурма, онлайн- и офлайн игры, видео- и аудиоматериалы, викторины, музыку, короткометражные фильмы, рекламные ролики, посты в блогах, песни, музыкальные клипы и т.д. Следует процесс обучения сделать более приятным, используя медиа-ресурсы на уроке, чтобы полностью реализовать методологические, дидактические, педагогические и психологические принципы обучения. Описываются преимущества и негативные последствия, которое оказывает использование медиа-ресурсов в учебном процессе на обучающихся.

Ключевые слова: медиа-ресурс, интернет, коммуникативная компетентность, инновационные технологии, образовательный процесс.

Formation of communicative competence of students when using media resources

A.N. Azimbaeva, A.M. Zhalalova

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,

akshaim01@mail.ru; aigul.azimbaeva@bk.ru

The article describes the need to configure student-centred media resources, taking into account the impact of existing teachers on information and communication media in the learning process. Formation of students' speaking, listening, reading and critical thinking skills through the use of media resources in the classroom. Use your computer and whiteboard to brainstorm, online and offline games, videos and audio, quizzes, music, short films and commercials, blog posts, songs, music videos, etc. for the formation of communicative competence of students. Teacher needs to make the learning process more enjoyable, using media resources in the lesson to fully implement the methodological, didactic, pedagogical and psychological principles of students. The authors describe the benefits and negative effects to the learning with the use of media resources.

Keywords: media resource, Internet, communicative competence, innovative technologies, educational process.

Редакцияға 05.03.2020 түсті.